

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

12 қаңтар 2024 жыл

KASE Басқарма Төрағасының орынбасары А. Ю. Цалюктің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) Директорлар кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 13 қаңтарынан бастап Андрей Юрьевич Цалюктің зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты KASE Басқарма Төрағасының орынбасары ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

А.Ю. Цалюк 2007 жылғы 15 қазаннан бастап KASE Вице-президенті болып сайланды және KASE Басқармасының құрамына енгізілді. Өр жылдары ол ақпараттық-талдау блогын, қадағалау қызметін және тәуекелдерді басқаруды қадағалады.

А.Ю. Цалюк өз қызметін биржалық топта 1996 жылдың желтоқсанынан бастап Алматы қаржы құралдары биржасының (AFINEX) және KASE ақпараттық-талдау блогының басшысы ретінде бастады. 1998 жылдың тамыз айынан бастап ол 10 жыл басқарған "ИРБИС" қаржы нарықтары ақпараттық агенттігі" ЖШС-ін қатар басқарды.

А.Ю. Цалюк басшылығымен KASE негізгі ақпараттық ресурстары мен өнімдері әзірленді, олар көптеген жылдар бойы қазақстандық және шетелдік инвесторлар үшін Қазақстанның қаржы құралдары мен биржалық нарықтары туралы ақпараттың негізгі көзіне айналды. Жаңалықтар лентасын, қашықтан толықтырылатын деректер базасын және "KASE брокерінің анықтамалық жүйесін" қамтитын өзі құрған бірегей ақпараттық жүйе негізінде Биржаның бірінші сайты және оның барлық кейінгі нұсқалары, сондай-ақ IRIS Finance ақпараттық өнімі әзірленді.

Кейінірек А.Ю. Цалюктің басшылығымен АЖ/ТҚҚ және айла-шарғы жасау саласында биржалық қаржылық мониторинг бағыты қалыптасты. Осы бағыт есебінен пандемия және халықаралық нарықтардағы құбылмалылық сияқты дағдарыстық жағдайлар кезеңінде операциялық тәуекелдерді және биржалық қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету құралдарын басқару жөніндегі міндеттер тиімді пысықталды.

А.Ю. Цалюк – бағалы қағаздар нарығын танымал етуге үлкен үлес қосқан және әр жылдары Atameken Business Channel телеарнасындағы "Қор нарығы. Pro статусы" сияқты көптеген оқыту және , KASE Talks, Биржалық симулятор, KASE Fest және т.б. ақпараттық бағдарламалардың авторы, жүргізушісі және қатысушысы болған биржалық нарықтың жетекші сарапшыларының бірі.

Қор нарығын дамытуға бағытталған елеулі еңбегі үшін ол Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен, сондай-ақ теңгенің 20 жылдығына орай, "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл", "Қазақстан Конституциясына 25 жыл" мерейтойлық медальдарымен және қоғамдық наградалармен марапатталды.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі мен ұжымы, сондай-ақ "KASE клиринг орталығы" АҚ (KASE 100 % еншілес ұйымы) командасы А.Ю. Цалюкке қор нарығын дамытуға және KASE қызметіне қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар

Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.